«СЫРЫМ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ		**РУКОВОДИТЕЛЬ ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ АКИМАТА СЫРЫМСКОГО РАЙОНА**
БҰЙРЫҚ		**ПРИКАЗ**

09.01.2026 **№ 2**

БҚО Сырым ауданы көлемінде «Деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету» жөніндегі қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 7-тармақшасын басшылыққа алып және 2018 жылғы 29 сәуірдегі № 96 Сырым ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген БҚО Сырым ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Ережесінің 2-тармағының 7,11-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік маңызы бар *«Сырым ауданы тұрғындары соның ішінде діндар азаматтар мен жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және қарсы іс-қимыл бағытында ағарту және түсіндіру жұмыстары діни радикалды идеологиядан жапа шеккендерге көмек көрсету жұмыстары және қоғамда Қазақ халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарына сай келетін сананы қалыптастыру бағытында іс-шаралар өткізу»* жобаны орындау бойынша қызмет көрсетулерді тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүргізсін.
2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес техникалық ерекшелігі бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы **Т.Кубаев**